

Соттардың бандитизм және қылмыстық құқық бұзушылықтарға қатыса отырыш, басқа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жауапкершілік туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы 2001 жылғы 21 маусым № 2.

Ескерту. Нормативтік қаулының тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 3 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Сот тәжірибесінде адамдар тобы, алдын ала сөз байласқан адамдар тобы, банда немесе басқа қылмыстық топ жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік көздейтін заңнаманы қолдану кезінде пайда болатын мәселелерге байланысты Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты қаулы етеді:

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 3 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

1. Адамдар тобы, алдын ала сөз байласқан адамдар тобы, банда немесе басқа қылмыстық топ жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтардың ерекше қауіптілігіне соттардың назары аударылсын.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 3 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

2. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу тек қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасау кезінде орын алуды мүмкін. Сондықтан бірнеше адамның абайсыздықтан қылмыстық құқық бұзушылық жасауды адамдар тобы жасаған қылмыстық құқық бұзушылық ретінде қарастырылмайды.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 3 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

3. Кінәлі адамдардың әрекеттеріне "топ болып", "топ болып алдын ала сөз байласып", "қылмыстық топ" қылмыстық құқық бұзушылық жасау белгілері бойынша құқықтық баға бергенде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі - ҚК) 31-бабында қарастырылған талаптарды негізге алу қажет.

Қылмыстық құқық бұзушылық екі және одан да көп адамдардың қатысуымен жасалған жағдайларда "топ болып", "топ болып алдын ала сөз байласып" қылмыстық құқық бұзушылық жасау белгілері бойынша саралануы мүмкін.

Кінәлі адамдардың әрекеттерін "топ болып алдын ала сөз байласып" қылмыстық құқық бұзушылық жасау белгісі бойынша саралаған кезде екі және одан да көп адамның қылмыстық құқық бұзушылық жасауға бағытталған кез келген түрдегі уәделесуінің болғанын, яғни осы адамдардың тікелей қылмыстық құқық бұзушылық жасауға бағытталған әрекеттер басталғанға дейін, ең болмаса орындаушылардың бірі қылмыстық құқық бұзушылық құрамының объективті жағын орындағанға дейін сөз байласуының болғанын анықтау қажет.

Қылмысты жасау үшін екі немесе одан да көп адамның жалпы күші біріктірілген және бірге қатысуышылардың әрқайсының әрекеті басқа бірге қатысуышылардың әрекет жасауы үшін қажетті шарт болып табылған және рөлдердің алдын ала бөлінуіне сәйкес барлық бірге қатысуышылардың әрекетінен туындаған ортақ қылмыстық нәтижемен себепті байланыста болған жағдайларда ""топ болып алдын ала сөз байласып" қылмыстық құқық бұзушылық жасау белгісі бойынша сараланады. Мұндай жағдайларда қылмыстық құқық бұзушылыққа екі және одан да көп орындаушылардың қатысуы міндетті емес, басқа түрдегі бірдей қатысуышылар болғанда бір орындаушы жеткілікті.

Ұйымдастырушиның, айдан салушының немесе көмектесушінің жауаптылығы, олар бір мезгілде қылмысты орындаушылар болған жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі - ҚҚ) 28-бабына сілтеме жасалып, осы қылмыстық құқық бұзушылық үшін жазаны көздейтін Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі - ҚҚ) тиісті бабы бойынша туындаиды.

Қылмысты бірге жасаушылармен алдын ала сөз байласпаған, алайда оны басқа адамдар жасауы барысында соларға қосылған және тікелей қатысқан адам өзі жасаған нақты әрекеттер үшін қылмысты орындаушы ретінде жауапты болуға тиіс.

Қылмыстық құқық бұзушылық, егер оны ұйымдастық топ, қылмыстық ұйым, қылмыстық қоғамдастық, трансұлттық қылмыстық ұйым, трансұлттық қылмыстық қоғамдастық, террористік топ, экстремистік топ, банда немесе заңсыз әскерилендірілген құралым жасаса, қылмыстық топ жасаған белгі бойынша саралануы мүмкін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Жоғарғы Сотының 2008.12.22. N 15 нормативтік қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

4. Орындаушиның жеке басына қатысты қылмыстық құқық бұзушылық дәрежелеуші белгілер, басқа қылмысқа қатысуышыларға (ұйымдастырушиға, айдан салушыға немесе көмектесушіге) тек олар орындаушыда аталған дәрежеленуші белгілердің бар екендігін білген және олар өздерінің іс-әрекеттерімен осы орындаушылардың қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасауына мүмкіндік туғызған жағдайлардаған таңылуы мүмкін екенін есте ұстай қажет.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - КР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 3 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

5. Алдын ала сөз байласқан адамдар тобының қылмыстық құқық бұзушылық жасауы деп нақты бір қылмыстық құқық бұзушылықты жасауға екі және одан да көп адамдардың қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағын құрайтын іс-әрекеттерді жасағанға дейін келісуін түсіну қажет.

Қылмысқа қатысушылардың бірі алдын ала сөз байласып қылмыс жасаған және қылмыстық құқық бұзушылықтың объективті жағын орындау аяқталғанға дейін оларға алдын ала сөз байласқан басқа адамдар қосылған жағдайларда, онда бастапқылардың да және соңғылардың да іс-әрекеттерін бір топ адамның алдын ала сөз байласып қылмыстық құқық бұзушылық жасауы деп дәрежелеу қажет.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - КР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 3 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

6. ҚК-нің 31-бабының үшінші бөлігіне сәйкес қылмыстық топ деп ҚК-нің 262, 263, 264, 265-баптарының бірінші бөліктері оларды құру үшін жауаптылық көзделген ұйымдастын топ, қылмыстық ұйым, қылмыстық қоғамдастық, трансұлттық қылмыстық ұйым, трансұлттық қылмыстық қоғамдастық қана емес, ҚК-нің 257, 268 және 267-баптарының бірінші бөліктері оларды құру үшін жауаптылық көзделген террористік топ, экстремистік топ, тұрақты қарулы топ (банда) және заңсыз әскерилендірілген құралым да түсініледі.

Бұл ретте банда, қылмыстық топтан қарулануымен және қылмыстық мақсаты - азаматтар мен ұйымдарға шабуыл жасауымен ерекшеленеді.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - КР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 3 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

7. Банданы қурудың мақсаты ҚК-нің 268-бабының бірінші бөлігіне сәйкес азаматтар мен ұйымдарға шабуыл жасау болып табылады. Бұл ретте заң, шабуыл барысында банданың қандай қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасайтынын көрсетпейді, ол азаматтың не ұйымның мүлкін, ақшалары мен өзге құндылықтарын тікелей алып қоюға емес, сонымен бірге кісі өлтіру, зорлау, қорқытып алу, бөтеннің мүлкін жою не бүлдіру және т.б. болуы мүмкін.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - КР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 3 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

8. Жәбірленушіге күш қолдану не оны дереу қолданамын деп шынайы қауіп туғызу арқылы қылмыстық нәтижеге қол жеткізуге бағытталған әрекетті бандитизм кезінде шабуыл жасау деп түсіну қажет.

Осы қылмыс құрамының басқа да міндettі белгілері болған жағдайда, ішінде адамдары жоқ мекемелерге, кәсіпорындарға, үйымдарға шабуыл жасау және оларға күш қолданбау жағдайларында және шабуыл жасау үрдісі кезінде адамдар зардал шекпей, мұліктің жойылу (кенсені қопару, пәтерді, автомашиналарды өртеу) фактілерін бандитизм деп қарастыру қажет. Бұл ретте банданың құрамындағы шабуыл жасаушылардың олардың қылмыстық мақсаттарына жетуіне кедергі жасайтын кез келген адамға қарсы күш қолдануға дайын екенін назарда ұстau қажет.

Банда мүшелерінің қолындағы қару қолданылмаған жағдайларда да қарулы банданың шабуыл жасауы орын алды деп есептеледі.

9. Банданың міндettі белгісі - оның қарулануы болып табылады, демек бандаға қатысушилардың қолында зауытта әзірленген немесе қолдан жасалған атылатын немесе сүйк қару, қопарғыш құралдар, сондай-ақ газ шығаратын және пневматикалық қарулардың болуы шарт.

Банда мүшелерінің шабуыл кезінде қолданған заттарын қару деп тану туралы мәселені шешу барысында "Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 желтоқсандағы № 339 Заңының ережелерін басшылыққа алған жөн.

Мүшелерінің ең болмағанда біреуінің қолында қару болған және бұл жөнінде банданың басқа мүшелеріне белгілі болған кез келген жағдайда - банда қаруланған деп танылады.

Қылмысқа қатысушилардың пайдалануға жарамсыз қаруды немесе оның нобайын қолдануы оларды қаруланған деп тануға негіз болып табылмайды.

Қажет болған жағдайда қолданылған заттардың қару болып табылатынын анықтау үшін сараптама тағайындау қажет.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 11.12.2020 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

10. Банданың үйымдастырушысының, басшысының немесе қатысушисының қару, оқ-дәрілер, қопарғыш заттар және қопару құралдарын заңсыз айналымға түсіру әрекеттері банданы үйымдастыруға және оның жұмыс істеуіне байланысты болса ҚК-нің 287-бабы бойынша қосымша дәрежелеуге жатпайды, өйткені осы әрекеттер банданың міндettі белгісі - оның қарулануымен толық қамтылады.

Бандаға қатысушилардың қаруды өзге мақсаттар үшін заңсыз айналымға түсіруіне (мысалы, қарумен сауда жасауға, қаруды ұрлауға және т.б.) байланысты әрекет жасауы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы бойынша ҚК-нің 268-бабы және Ерекше бөлімінің тиісті баптары бойынша дәрежеленуі қажет.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 3 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

11. Алдын ала сөз байласып адамдар тобының бірқатар қылмыстарды белгілі бір уақыт бойы келісілген әрекеттер, қылмыстық әрекеттің тұрақты нысандары мен әдістері арқылы жасау фактісі қылмыстық топтың болуын тану үшін жеткілікті негіз болып табылмайды.

Қылмыстық топ неғұрлым жоғары ұйымдасуымен және орнықтылығымен алдын ала сөз байласқан адамдар тобынан ерекшеленеді. Оның белгілері ретінде, атап айтқанда: басшының (басшылардың) болуы және оған (оларға) басқа мүшелердің бағынуы, басқа қатысушылардың оған езінің мүше екенін мойындауы, белгілі бір иерархияның және ортақ материалдық және қаржылай қаражаттың болуы, қылмыстық топта белгіленген қағидалардың (тәртіптің) сақталуы және т.б. болуы мүмкін.

Қылмыстық топтың белгілері Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 113-бабының талаптарына сәйкес қылмыс құрамының басқа да белгілерімен қатар дәлелденуге жатады.

ҚР Конституциялық Сотының 25.06.2025 № 72-НҚ нормативтік қаулысымен осы нормативтік қаулының 11-тармағы ҚР Конституациясына сәйкес келеді деп танылды.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Жоғарғы Сотының 11.12.2020 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

12. Банданы немесе басқа қылмыстық топты құру деп кез келген белсенді де мақсатты іс-әрекеттерді жасаудың нәтижесінде аталған ұйымдасқан топтар мен сыйбайлстықтың шын мәнісінде құрылуын түсіну қажет. Бұл әрекеттер қатысушыларды, қаруларды, оқ-дәрілерді, байланыс құралдарын, құжаттарды, көлік құралдары мен өзге де материалдық құралдарды іздеу, құрылымдар мен қылмыстық жоспарларды дайындау, адамдарды арбау және т.б. түрде болуы мүмкін.

Банданы немесе басқа қылмыстық топты құру қандай да бір қылмыстың жоспарланғанына немесе жасалғанына қарамастан қылмыстың аяқталған құрамы болып табылады. Аталған қылмыстық құрылымдарды құру үрдісінің өзін оларды құруға дайындалу деп қарастыру қажет.

Егер де осы құрылымдарды ауыр немесе ерекше ауыр нақтылы қылмысты (мысалы, кісі өлтіру) жасау үшін құрудың ойластырылғаны анықталған болса, онда адамдардың іс-әрекеттері осы қылмысты жасау үшін де дайындалу деп дәрежелеу қажет.

Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 3 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

13. Бандаға немесе басқа қылмыстық топқа басшылық жасау деп олардың қылмыстық іс-әрекеттерін жоспарлауға, материалдық қамтамасыз етуге және ұйымдастыруға байланысты, сондай-ақ аталған құрылымдардың нақтылы қылмыстық құқық бұзушылықтарға дайындалуға және оларды жасауға байланысты шешімдерді қабылдауы деп түсіну қажет.

Бандаға немесе басқа қылмыстық топқа бір немесе бірнеше адам басшылық жасауы мүмкін.

Банда немесе ұйымдасқан қылмыстық топ басшысыз да болуы мүмкін. Адам саны аз ұйымдасқан қылмыстық топтың немесе банданың өз орталарынан басшы шығармай-ақ қылмыстық әрекеттерге қатысты мәселелерді бірлесе шешуін және, әдетте, олардың қылмыстарды бірлесе жасаудың осындай жағдайларға жатқызған жөн.

ҚР Конституциялық Сотының № 72-НҚ нормативтік қаулысымен осы нормативтік қаулының 13-тармағы ҚР Конституациясына сәйкес келеді деп танылды.

Ескерту. 13-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 11.12.2020 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

14. Бандаға немесе басқа қылмыстық топқа қатысу - аталған қылмыстық құрылымдардың құрамына кіруді және жоспарланған қылмыстық құқық бұзушылықтарды қаржыландыруға, қарумен, көлікпен қамтамасыз етуге, нысандарды іздестіруге, ақпараттарды жинастыруға және т.б., сондай-ақ осы қылмыстық құқық бұзушылықтарға тікелей қатысуға бағытталған іс-әрекеттерді жасауды білдіреді.

Бандаға немесе басқа қылмыстық топқа қатысу - адам банданың немесе қылмыстық сыйбайластықтың (қылмыстық ұйымның) қызметінің қылмыстық сипаты туралы білгеніне, оған өзінің қатысуына (мүшелігіне) келісім берген сәттен бастап оның жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтарға қатысқан немесе қатыспағанына қарамастан, аяқталған қылмыс құрамы болып табылады.

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 3 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

15. Банданы немесе басқа қылмыстық топты құрған не оларға басшылық жасаған адамның іс-әрекеттері ҚК-нің 31-бабы төртінші бөлігінің талаптарының негізінде ҚК-нің 257, 262, 263, 264, 265, 267 және 268-баптарының бірінші бөліктері бойынша, сонымен қатар, егер олар оның пифылында болса, банда немесе басқа қылмыстық топ жасаған қылмыстық құқық бұзушылық үшін жауаптылықты көздейтін ҚК-нің Ерекше бөлігінің тиісті баптары бойынша тиісінше саралануға жатады. Бұл ретте ұйымдастыруши (басшы) бір мезгілде қылмыстық құқық бұзушылықты бірге орындаушы болып табылатын жағдайларды қоспағанда, ҚК-нің Ерекше бөлігінің тиісті бабы бойынша саралау ҚК-нің 28-бабына сілтеме жасалып жүзеге асырылады.

Банда немесе қылмыстық топ жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтарға тікелей қатысқан банданың немесе басқа қылмыстық топтың ұйымдастыруышының не басшысының әрекеттері ҚК-нің 257, 262, 263, 264, 265, 267 және 268-баптарының екінші бөліктері бойынша қосымша саралануға жатпайды.

Бандаға немесе басқа қылмыстық топқа қатысушылардың (мүшелердің) әрекеттерін тиісінше ҚК-нің 257, 262, 263, 264, 265, 267 және 268-баптарының екінші бөліктегі бойынша, сондай-ақ олар дайындауға немесе жасауға қатысқан құқық бұзушылықтар үшін ҚК-нің Ерекше бөлігінің тиісті баптары бойынша сарапау қажет.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 3 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

16. Банда немесе басқа қылмыстық топ жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтарға қатысқан адам, ол банда жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтарға сыйбайлар қатысушы екендігін білген жағдайларда ғана тиісінше ҚК-нің 257, 262, 263, 264, 265, 267 және 268-баптарының екінші бөліктегі бойынша жауапты болады. Адам қылмыстық құрылым жөнінде білмеген жағдайда, ол өзі біліп бірге қатысқан қылмыс үшін ғана жауапты болады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 3 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

17. Банданың немесе басқа қылмыстық топтың құрамында жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтарды дәрежелеу кезінде соттар ҚК-нің 13-бабының бірінші бөлігінде көрсетілгендей қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы бойынша, егер қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның әрекеттері ҚК-нің әлдеқайда қатаң жаза беруді көздейтін бір бабының немесе бабының бір бөлігінің нормасымен қамтылмаса, ол жасаған әрбір қылмыстық құқық бұзушылығы үшін ҚК-нің тиісті бабы немесе бөлігі бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартылатыны туралы талабын қатаң сактауға тиіс.

Ескерту. 17-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 3 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

18. Бандитизмді басқа қылмыстық құқық бұзушылықтардан ажырату кезінде бандитизмді құрайтын мән-жайларға ерекше назар аудару қажет.

Бандитизм және бір топ адамның алдын ала сөз байласу арқылы қару қолданып, қарақшылық шабуыл жасау қылмыстары бір-бірінен осы қылмыстық құқық бұзушылықтарды сипаттайтын белгілер жиынтығымен ерекшеленеді. Бұл ретте бандитизм үшін бандаға қатысушылардың арасындағы тұрақты байланыстың, олардың іс-әрекеттерінің ұйымшылдығының, қылмыстарға дайындалу мен жоспарлаудың, сондай-ақ қарулануының болуы міндепті. Аталған құрамдарды сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасаудың мақсаты бойынша да ажырату қажет: бандитизм кезіндегі мақсат - азаматтарға немесе ұйымдарға шабуыл жасау болып табылады, ал қарақшылық кезінде пайдакүнемдік мақсат - ашық ұрлау міндепті түрде қоса жүреді.

Егер іс бойынша адамдардың тұрақты ұйымдасқан қылмыстық топты құру туралы арнайы уағдаласқаны, қарулану туралы мәселе талқылағаны және қаруды сатып алғаны, азаматтар мен ұйымдарға шабуыл жасау мақсаттарын белгілегені, осындай қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасағаны анықталса, онда мұндай жағдайларда кінәлі адамдардың іс-әрекеттерін ҚК-нің 268-бабының тиісті бөлігі бойынша, сондай-ақ қылмыстық кодекстің жасалған қылмыс үшін жауапкершілік белгілеген тиісті баптары бойынша дәрежелеген жөн. Тұрақты қарулы қылмыстық топтың құрылғаны туралы мәліметтер болмаған өзге жағдайларда, азаматтар мен ұйымдарға шабуыл жасауды, бір топ адамның күні бұрын сөз байласу арқылы қару қолданып, қарақшылық шабуыл жасаудың қылмыстық кодекстің тек осы қылмыстар үшін жауапкершілік белгілеген баптары бойынша дәрежелеу қажет.

Бандитизмнің бір топ адамның алдын ала сөз байласу арқылы қорқытып алушадан ара жігін ажыратуда, бандитизм кезінде зорлық-зомбылық қылмысты жасаудың құралына айналатынын, атап айтқанда, шабуыл кезінде қарақшылардың бірден жәбірленушінің мүлкін алатынын, ал қорқыту кезінде зорлық-зомбылық тек әсер ету нысаны болып табылатынын және ол күш көрсетушілердің талабын орындаудан бас тартқаны үшін жәбірленушіге алдағы уақытта күш қолданылады деп қорқыту мақсатында жүзеге асырылатынын әрі мұның өзі тек жәбірленушіге ғана емес, сонымен бірге оның жақын адамдарына қатысты орын алуы мүмкін екендігін назарда ұстау қажет.

Ескерту. 18-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 3 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

19. Соттардың назары банданың немесе басқа қылмыстық топтың құрамында жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтары үшін кінәлі адамдарға жаза тағайындау кезінде жауаптылықты даралау қағидатын бұлжытпай сақтаудың маңыздылығына аударылсын.

Соттар істің барлық мән-жайы мен сотталушы адам туралы мәліметтерді, олардың қылмыстық топты ұйымдастырудың рөлі мен оның қылмыстық қызметіне қатысу дәрежесін, банданың шабуыл жасаудың нәтижесінде туындаған салдардың ауырлығын және жазаны тағайындау кезінде мәні бар басқа да мән-жайларды мұқият анықтап және ескеріп отырулары қажет.

Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 3 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

20. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес осы нормативтік қаулы қолданылатын құқықтың құрамына кіреді, сондай-ақ жалпыға бірдей міндетті болып табылады және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ескерту. Нормативтік қаулы 20-тармақпен толықтырылды - КР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 3 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы

Жоғарғы Сотының Төрағасы

Пленум хатшысы

Қазақстан Республикасы

Жоғарғы Сотының судьясы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК